

2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 571 Қаулысы. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 қаңтарда 86 нөмірімен тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімі аппаратының 15.11.2013 № 05-1357 хаты)

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5 тармағына сәйкес, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды қаржыландырудың ережесі» негізінде және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1 тармағы 13) тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, нақты жағдайлары бекітілсін және қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс 2-қосымшаға сәйкес анықталсын.

3. «Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шарт жасасын.

4. Қоғамдық жұмысқа тартылған жұмыссыздардың еңбек ақысы жергілікті бюджет есебінен 20205 теңге еңбекақы көлемінде жүргізілсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралында алғаш ресми

жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қордай ауданының әкімі	I. Тортаев	
Қордай	ауданы	әкімдігінің
2009	жылғы	30 желтоқсандағы
№	571	қаулысына
1-қосымша		

2010 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі

1. «Қордай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
2. «Отар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
3. «Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
4. «Степной ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
5. «Қасық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
6. «Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
7. «Ноғайбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
8. «Алға ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
9. «Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
10. «Қақпатас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
11. «Кенен ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
12. «Бетқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
13. «Масаншы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
14. «Қарасай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
15. «Қаракемер ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
16. «Сортөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
17. «Үлкен-Сүлутөр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ;
18. «Сүлутөр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
19. «Ауқаты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;
20. «Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
21. «Балауса» балалар сауықтыру лагері мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ;
22. «Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
23. «Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік

коммуналдық

кәсіпорыны;

24. «Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Қордай

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

30

желтоқсандағы

№

571

қалысына

2-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№	Сұраныс	Ұсыныс	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстың көлемі	Нақты жағдайлары
1	20	20	Халыққа әлеуметтік көмек көрсету	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, жұмыс мерзімі 6 ай.	Ұлы Отан соғысының мүгедектері қатысушыларына, жалғызбастыларға я тұрмысы төмендердің тұрмыс жағдай тексеруді жүргізу, оларға атаулы әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттарын жиі көмектесу
2	2	2	Ауылдық округтердегі шаруашылық кітаптарын белгілеу және нақтылау	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша жұмыс мерзімі 2-3 ай.	Шаруашылық кітаптарындағы мәліметті нақтылау үшін, әр ауланы аралап шығу.
3	14	14	Көркем безендірулер және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша жұмыс мерзімі 2-3 ай.	Аудандағы ауыл округтарында стенділ плакаттарды және атаулы белгілерді көп безендіру, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізу.
4	15	15	Ағымдық және күрделі жөндеулер	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша жұмыс мерзімі 2-3 ай.	Әлеуметтік-мәдени нысаналарды /мектеп, мәдениет үйлері, әкімшілік ғимараттар ағымдық жөндеулерден өткізу.
5	2	2	Нысандарды күзету	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, жұмыс мерзімі 6 ай.	Нысандарды күзету.
6	37	37	Ауданның, ауылдық округтерінің аймақтарын көгалдандыру және көріктендіру	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, жұмыс мерзімі 6 ай.	Қоқыстан тазарту, гүл отырғызу, суғару арам шөптерден тазарту, тал ағаштар отырғызу және суғару. Еңбек атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес төленеді.